


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
“Принтмедиа технологиялары колледжі» КМҚК
Алматы қаласы Білім басқармасы



"КЕЛІСЕМІН"

Алматы қаласы
Білім басқармасының
басшысы

С.Т. Сайфеленов
"16" 01 2026 ж.



"БЕКІТІЛДІ"

Колледж директорының
міндетін атқарушы
А.С. Қуштубай
2026 ж.



Алматы қаласы колледждерінің білім алушыларының арасында
«Химия – айналамызда» байқауы туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Алматы қаласындағы колледж білім алушылары арасындағы «Химия біздің әлемімізде» атты байқауы (әрі қарай – байқау) талантты студенттерді анықтау және қолдау, олардың ойлау дағдыларын дамыту сонымен қатар, химия пәніне деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында өткізіледі.

1.2. Байқау колледж білім алушыларына арналған және олардың химия саласындағы білімдерін тексеру, тереңдету, танымдық дағдыларын дамыту, теориялық және практикалық шеберліктерін жетілдіру мақсатында **жыл сайын** өткізіледі.

1.3. Байқауды Принтмедиа технологиялар колледжінің химия пәні оқытушысы мен әдіскерлері ұйымдастырады.

2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Білім алушылардың химия пәнін оқуға деген қызығушылығын арттыру және олардың ойлау дағдыларын жетілдіру.

2.2. Химия саласындағы білімдерін академиялық және кәсіби қызметтерінде қолдана алатын талантты білім алушыларды анықтау.

2.3. Сын тұрғысынан ойлауды, мәселелерді шешуде шығармашылық тәсілді дамытуды және қалыптасуын ілгерілету.

3. Байқауға қатысушылар

3.1. Алматы қаласы колледждерінің бірінші курс білім алушылары қатысуға құқылы.

4. Байқауды өткізу шарттары

4.1. Байқау Шевченко көшесі, 202-үйдегі Принтмедиа технологиялар колледжінде өтеді.

4.2. Байқау тапсырмалары қатысушылардың білімдері мен дағдыларын кешенді бағалауға бағытталған әртүрлі форматтарды қамтиды.

4.3. Байқауға қатысу үшін тіркеу формасын толтырып, көрсетілген электрондық поштаға жіберу қажет: apk.5@mail.ru

5. Олимпиаданы өткізу тәртібі

5.1. Бірінші кезең (іріктеу) «Өмірдегі химия»:

5.1.1. Байқаудың бірінші кезеңі аясында қатысушылар «Химия біздің әлемімізде» тақырыбы бойынша бейнеролик дайындайды. Тақырып бейнероликте толық қамтылуы тиіс. Бейнероликтің ұзақтығы 2 минуттан аспауы тиіс (әр команда үшін). Команда құрамы 2–3 студенттен тұрады.

5.1.2. Бірінші кезеңнің нәтижелері бойынша ең жоғары көрсеткіш көрсеткен қатысушылар екінші кезеңге өтеді.

5.1.3. Видеоға қойылатын талаптар:

- формат: AVI, MOV, MPEG, MP4;
- ажыратымдылық: Full HD-ден төмен емес;
- ұзақтығы: 2 минуттан аспауы тиіс;
- видеоның атауы кіріспе слайдта көрсетілуі тиіс (колледж атауы көрсетілмейді);
- жанры — қатысушылардың қалауы бойынша (сұхбат, репортаж, бейнеклип, мультфильм, слайд-презентация және т.б.);
- түсіру және монтаждау қатысушылардың таңдаған кез келген бағдарламасында жүргізілуі мүмкін;
- жарнамалық сипаттағы материалдарды, ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін мазмұндағы, басқа адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін қорлайтын материалдарды, сондай-ақ тақырыпқа сәйкес келмейтін материалдарды пайдалануға тыйым салынады.

6. Бағалау критерийлері

6.1. Бағалау критерийлері:

I. «Өмірдегі химия» жобалық жұмысы — 20 ұпайға дейін:

- видеоның шығармашылығы — 0-ден 5 ұпайға дейін;
- тақырыптың толықтығы — 0-ден 5 ұпайға дейін;
- химия бойынша ұсынылған ақпараттың теориялық дұрыстығы — 0-ден 5 ұпайға дейін;
- монтаждау, бейне сапасы және ережелерге сәйкестігі — 0-ден 5 ұпайға дейін.

II. «Science Battle» — 30 ұпайға дейін

Викторина (20 ұпай)	Практикалық жұмыс (10 ұпай)
-Сұраққа толық әрі дұрыс жауап - 20 ұпай -Сұраққа ішінара жауап - 10 ұпай -Жауап бермеу - 0 ұпай	-Практикалық жұмысты дұрыс орындау - 5 ұпай -Практикалық тапсырманың құрылымын ішінара орындау - 3 ұпай -Ережелерді сақтау - 1 ұпай - Нәтижені дұрыс қорғау - 1 ұпай

6.2. Қазылар алқасының әрбір мүшесі жұмысты жеке-жеке бағалайды, соңында ұпайлар қосылып, нәтижелері анықталады. Жалпы максималды ұпай саны – **50 ұпай**.

6.3. Байқау ережелері мен шарттарын орындау міндетті.

7. Марапаттау

7.1. Жеңімпаздар **БАС ЖҮЛДЕ, 1-ші, 2-ші және 3-ші дәрежелі** дипломдармен марапатталады.

7.2. Байқау нәтижелері негізінде ұйымдастырушылар қосымша номинациялар енгізуге құқылы: «Шығармашылық команда», «Ғылым шеберлері», «Химия көшбасшылары».

8. Ұйымдастыру мәселелері

8.1. Байқауды дайындау және өткізу жауапкершілігі ұйымдастырушылар мен оқытушылар тобына жүктеледі.

8.2. Қатысушылар мен ұйымдастырушыларға арналған әдістемелік материалдар, сценарий және нұсқаулықтар

9. Қалалық байқаудың ұйымдастыру комитетіне құжаттарды тапсыру тәртібі

Колледждер байқауға 2–3 адамнан тұратын командалармен қатысуға өтінімдер жібереді.

Өтінімдер мен бейнежазбалар байқау басталуға дейін кемінде 5 күн бұрын apk.5@mail.ru электрондық пошта мекенжайына жіберілуі тиіс.

Колледждің мекенжайы:

Алматы қ.

Шевченко көшесі, 202

Тел.: +7 701 353 58 87

Е-mail: apk.5@mail.ru

Ұйымдастыру комитеті: ЦӨК «ЖМБ»,

химия пәнінің оқытушысы Телеуова Мақпал Жандосовна

Тел.: +7 747 647 01 17

Жарысқа қатысуға өтінім беру формасы

1	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты	1) 2) 3)
2	Оқу орнының атауы	
3	Байланыс телефон нөмірі	
4	Электрондық пошта	
5	Жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты	
6	Толтырған күні	

Ақпараттық хат

2026 жылғы 5 ақпанда сағат 10:00-де Алматы қаласындағы 202 Шевченко көшесі мекенжайында өтетін «Химия – айналамызда» атты колледж студенттері арасындағы байқауға қатысуға шақырамыз.

Қатысуға өтінімдер 2026 жылғы 1 ақпанға дейін 1-қосымшаға сәйкес электрондық түрде apk.5@mail.ru электрондық пошта мекенжайына қабылданады.

Ұйымдастырушылар:

ЦӘК «ЖМБ» "Принтмедиа технологиялары колледжі" КМҚК

Тел: +7 747 647 01 17